

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ
ЖӨНІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ
ПРОБЛЕМ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА
И КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

*атты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы
магистранттар мен студенттердің ғылыми конференция*

МАТЕРИАЛДАРЫ

30 қараша 2012 жыл

V шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*ежегодной межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной
Дню Первого Президента Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

30 ноября 2012 года

Выпуск V

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

УДК 343
ББК 67.408
А 43

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор
д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:
к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина
к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов
старший преподаватель М.Е. Акболатова
магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А 43 **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню Первого Президента Республики Казахстан. 30 ноября 2012 г. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 246 с.

ISBN 978-601-247-825-9

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК 343
ББК 67.408**

ISBN 978-601-247-825-9

© КазНУ им. аль-Фараби, 2013

Сатыбалдина С.,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің 3
курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу
және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А. А.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУДЬЯЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ СУДЬЯЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады. Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды [1].

Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Соттар шешімдерінің үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді [2].

Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады. Егер судьядан тиісті өтініш түссе, ішкі істер органдары судья мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге уақтылы және түпкілікті шаралар қабылдауға міндетті. Судьяға және оның мүлкіне кәсіптік қызметіне байланысты келтірілген зиян республикалық бюджеттің қаражаты есебінен өтеледі.

Судьяны, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда, тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз оны қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Судьяға тиіспеушілік оның жеке басына, меншігіне, ол тұратын тұрғын үй және қызметтік үй-жайларға, ол пайдаланатын жеке және қызметтік көлік құралдарына, оған тиесілі құжаттарға, багажына және өзге де мүліктеріне тиіспеушілікті қамтиды. Судьяға қатысты қылмыстық істі Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ғана қозғай алады. Судьяға қатысты арнайы жедел-ізвестіру іс-шаралары прокурордың санкциясымен ғана жүргізілуі мүмкін. Судьяға Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен куәлік беріледі.

Судьяға қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, судьяның антына адал болуға;

2) сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға;

3) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға;

4) судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндетті.

5) Судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды. Судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіре алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сөйлеуіне болмайды.

Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар

Аудандық соттың судьясы болып:

– жиырма бес жасқа толған;

– жоғары заң білімі бар, еңбек жолы мінсіз және заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар;

– біліктілік емтиханын, оның ішінде маман-дандырылған магистратурада тапсырған;

– медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растаған;

– сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін. Мамандандырылған магистратураны оқып бітірген адамдарға тағылымдамадан өту талап етілмейді.

Судья лауазымына кандидаттың судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растау үшін оған медициналық куәландыру жүргізіледі.

Судьяның кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін аурулардың тізбесі жергілікті және басқа соттарды ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

Судья қызметіне кандидаттарға тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, қай нәсілге және ұлтқа жататынына, жынысына, саяси көзқарасына, діни нанымына және өзге де мән-жайларға қарамастан қызметке орналасуға тең құқық қамтамасыз етіледі.

Жергілікті және басқа соттардың судьялары қызметінің бос орындарына кандидаттар іріктеуді Жоғары Сот Кеңесі бос орынға орналасуға өтініш берген және осы Конституциялық заңның 29-бабының талап-тарына сай келетін адамдар арасынан конкурстық негізде жүзеге асырады. Жоғары Сот Кеңесі конкурстың нәтижелері бойынша жергілікті және басқа соттардың судьялары қызметінің бос орындарына кандидаттарды қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады. Аудандық сот төрағасы қызметінің бос орнына кандидатураны тиісті облыстық соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Төрағасы енгізген ұсыну бойынша Жоғары Сот Кеңесі қарайды. Облыстық соттардың төрағалары мен сот

алқа-ла-рының төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары қызметінің бос орындарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отыры-сының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Төрағасы енгізген ұсыну бойынша Жоғары Сот Кеңесі қарайды. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы қыз-метіне кандидат Жоғарғы Сот судьяларының арасынан ұсынылады. Жоғары Сот Кеңесі жергілікті және басқа соттар-дың төрағалары, сот алқаларының төрағалары, Жоғар-ғы Соттың сот алқаларының төрағалары қызметінің бос орындарына кандидаттарды қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады. Жоғарғы Соттың Төрағасы қызметіне кандида-тураны Жоғары Сот Кеңесі қарайды [3].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл;
2. Қазақстан республикасының Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық заң, 2000 жыл;
3. Судьялыққа кандидаттардың тағылымдамадан өтуінің үлгі бағдарламасы

СОДЕРЖАНИЕ

Абен Т. Көрінеу жалған сөз жеткізудің қылмыстық құқықтық негіздері	3
Абикенов М. Особенности планирования и проведения первоначальных действий при расследовании преступлений по горячим следам	5
Абулкатаева Д. Проблемы предупреждения бытового насилия	8
Аженова А. Применение специальных знаний при расследовании убийств	9
Аздеров Д. Вопросы совершенствования уголовного законодательства в части защиты интересов семьи и несовершеннолетних	14
Акпаева Н. Особенность расследования преступлений, связанных с наркопреступностью среди несовершеннолетних	18
Алауханов Е. Проблемы применения судебного контроля в уголовно-процессуальном законе	20
Альтер П. Классификация осужденных к лишению свободы и распределение их по видам ИУ	24
Амантаев А. Принцип неприкосновенности личности в уголовном процессе	27
Атабаева А. Вовлечение и организация занятия проституцией	29
Ауганбай А. Қылмыстық заңның объективтік жағы бойынша саралау мәселесі	31
Аханов Е. Проблема борьбы с наркотической преступностью	34
Әбдет А. Қылмыстық заңның қажетті қорғану институтындағы қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың айырмашылығы	35
Бабаликова А. Некоторые особенности допроса обвиняемого	39
Байбосынова А. Защитник в уголовном процессе	43
Байтекова Қ. Қазақстан Республикасы Президентінің билік бөлу қағидасын жүзеге асыруға байланысты кейбір өкілеттіктері	46
Бидайбеков Б.Қ. ҚР ҰҚК шекара қызметіндегі қылмыстық құқық	51
Боровиков А. Некоторые аспекты криминалистического исследования документов	53

Гарифулла Д.	
Қажетті қорғану шегінен шығып денсаулыққа ауыр зиян келтіру ұғымы	56
Давлетниязов Т.	
Проблемы борьбы с преступностью против общественной безопасности в свете правового просвещения	58
Давлетниязов Т.	
Сравнительный анализ розыскной и состязательной модели уголовного процесса	60
Дәулетқалиева Н.	
Адвокаттың кәсіби әдебі.....	62
Джаналиева А.	
Принцип осуществления правосудия только судом	66
Ердосов А.	
Вопросы унификации системы пересмотра судебных решений по уголовным делам	69
Ермеков Д.	
Функция защиты как необходимый элемент состязательного процесса	72
Ершат Е.	
Участие адвоката в собирании доказательств	75
Жайлина А.	
Проблема привлечения юридических лиц по уголовному законодательству Республики Казахстан	78
Жаменке Р.	
Қажетті қорғану шегінен шығудың құқықтық аспектілері.....	80
Иманғалиева Д.	
Современные схемы связей организованной преступности.....	84
Итахунова Г., Калибекова А., Калилаханов А., Каримов С., Каримова М., Кусакаев Т., Ксембай Т., Курманова А.	
К вопросам предупреждения насилия над женщинами	88
Каждаров А.	
Уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты проведения эксгумации	100
Каймулдинова П.	
Алқабилердің сотқа қатысу ерекшеліктері.....	104
Калибекова А.	
Проблема применения дополнительных видов наказаний, ее связь с реализацией целей уголовного наказания	107
Каткельдиев Д.	
Современные проблемы применения мер процессуального принуждения	114
Каткельдиев Д.	
Терроризм-вызов мировому сообществу.....	117
Кенбаева А.	

Криминологические аспекты борьбы с экономической преступностью	119
Кирбасова З.	
Некоторые аспекты расследования конокрадства	123
Көбейсінов Н.	
Қажетті қорғану институтының теориялық аспектілері	129
Қазыбаева А.	
Аяқталмаған қылмыстарды саралау	135
Қоспан Ә.	
Қажетті қорғанудың қылмыстық құқықтағы алар орны	137
Қуаныш Қ.	
АҚШ мемлекетіндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	142
Муратбек Б.	
Установление истины в уголовном процессе	145
Мухамедова А.	
Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісінде арнаулы білімді қолдану нысандарының негізгі мәселелері	149
Мухамедова Е.	
Структура, психологические основы деятельности следователя в предварительном следствии и роль следователя в уголовном процессе	156
Мухамедова Е.	
Правовое обеспечение продовольственной безопасности в Республике Казахстан	158
Ніпдібай Е.	
Участие адвоката в уголовном процессе в качестве представителя потерпевшего, гражданского истца, частного обвинителя и гражданского ответчика	160
Нуржанова Д.	
Қол сұғушылыққа қатысты қажетті қорғану заңдылығының шарттары	162
Нурсеитова А.	
Понятие и содержание принципа состязательности в уголовном процессе	168
Нұрболат Н.	
Понятие и содержание института необходимой обороны	170
Райымбергенова К.	
Қылмыстық заңнамадағы трансплантацияның теориялық мәселелері	175
Ракишев М.	
Методика расследования угона автотранспортных средств (ст.175 ч.2 УК РК)	178
Рыскұл Н.	
Заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылық мәселесі	184
Рыскұл Н.	
Қылмыстық құқықтағы терроризмнің теориялық мәселелері	186

Рысханов А.	
Қылмыстық құқық бойынша қажетті қорғанудың түсінігі.....	194
Сатыбалдина С.	
Қазақстан Республикасының судьяларының мәртебесі және судьяларға қатысты қойылатын негізгі талаптар.....	196
Сейтмұрат Ж.	
Қылмыстық құқықтағы қажетті қорғанудың түсінігі.....	200
Семенова О.	
Назначение и производство криминалистической портретной экспертизы.....	204
Серікбаев А.	
Өлім жазасы-әлемдік мәселе	207
Смагулов К.	
К вопросу о процессуальной самостоятельности следователя	210
Тажикбай Б.	
Проблема предупреждения преступности среди несовершеннолетних.....	212
Тажикбай Б.	
Особенности уголовной ответственности несовершеннолетних.....	217
Талантов Е.	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесі.....	220
Төлмұратова А.	
Жауап беруге мәжбүр етуді құқықтық реттеу.....	222
Тунгушпаева З.	
Проблема защиты несовершеннолетних участников судопроизводства	224
Ужахов А.	
Проблема правового статуса несовершеннолетних лиц	229
Хамит А.	
Правовая природа принуждения в уголовном процессе	232
Шарипова М.	
Использование специальных знаний в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан.....	236
Шонтасов Ш.	
Проблемы обеспечения права граждан на квалифицированную юридическую помощь.....	239

Научное издание

Материалы
*ежегодной межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной
Дню Первого Президента Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

30 ноября 2012 года

Выпуск V

ИБ № 6275

Подписано в печать 18.02.13. Формат 60x84 1/16. Бумага офсетная.
Печать цифровая. Объем 15,125 п.л. Тираж 70 экз. Заказ № 188.
Издательство «Қазақ университеті» Казахского национального
университета им. аль-Фараби. 050038, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.

Отпечатано в типографии издательства «Қазақ университеті».